Отбасылық қарым-қатынас және тәрбие туралы ата-аналарға арналған кітапша



«Ең басты және ең құнды нәрсе – бұл отбасы! Алдымен, сенің туылған отбасың, кейін өзің құрған отбасы». Джонни Депп

Баланың ата-аналармен қарым-қатынас жасағысы келуі үшін сенімді қарым-қатынастың келесі негіздерін есте сақтау қажет:

- Қабылдау;
- Қадірлеу;
- Ата-аналардың махаббаты;
- Қолжетімділік;
- Жауапкершілік пен өзін-өзі тәрбиелеу;
- Ата-аналардың беделі;

Өз өміріндегі жағдайларды түсінетін ата-аналар балаларын ең жақсы қолдай алады.



Есте сақтаңыз:

Бала мақталса – ол ризашылық білдіруді үйренеді.

Бала қауіпсіздікте өссе – ол адамдарға сенуді үйренеді.

Бала қолдау алса – өзін бағалауды үйренеді.

Бала түсіністік пен достықта өмір сүрсе – ол бұл әлемнен махаббат табуды үйренеді.

Қарым-қатынас – жеке тұлғаның үйлесімді дамуының кепілі, рухани және физикалық денсаулықтың шарты, сондай-ақ өзін және қоршаған ортаны тану тәсілі.

Қарым-қатынас бізді әрдайым ертіп жүреді. Біз қарым-қатынас жасауды бала кезімізден бастаймыз:

- ата-анамызға күлімсіреуді үйренеміз;
- бейтаныс адамдарды тануды үйренеміз;
- ақпаратты қабылдаймыз;
- жеке тәжірибе жинаймыз.

Қарым-қатынас балаға су мен тамақ сияқты қажет. Көп жағдайда бала ата-анасымен қарым-қатынас жетіспеушілігін сырттан, өзін түсініп, қабылдайтын ортаның ішінде толықтырады.



Балаға қарым-қатынас жасаудың ережелері:

1. Балаңыздың белгілі бір әрекеттеріне наразылық білдіруге болады, бірақ оның өзін кінәламаңыз.

2. Баланың іс-әрекеттерін айыптауға болады, бірақ оның сезімдерін емес, олар қаншалықты жағымсыз немесе «ұнамсыз» болса да. Егер олар пайда болса, оған бір себептер бар.

3. Балаңыздан мүмкін емес немесе өте қиын нәрсені талап етпеңіз. Оның орнына айналадағы жағдайды өзгертуге тырысыңыз.

4. Баланың іс-әрекетіне деген наразылық жүйелі түрде қайталанбауы керек, әйтпесе ол елемейтін болады.

5. Балаңыздың эмоциялық мәселелерін өзіңізге алуға тырыспаңыз.

6. Балаңызды өз іс-әрекеттерінің (немесе әрекетсіздігінің) теріс нәтижелерімен кездесуге мүмкіндік беріңіз. Сол кезде ғана ол есейіп, «санаулы» болады.

7. Егер балаңызға қиын болса және ол сіздің көмегіңізді қабылдауға дайын болса, міндетті түрде көмектесіңіз. Бірақ оның өзі істей алмайтын нәрселерін ғана орындаңыз, қалғанын өзіне қалдырыңыз.

8. Балаңыздың мінез-құлқы сізде теріс эмоциялар тудырса, оған бұл туралы айтыңыз.

9. Балаңыз өз ісімен айналысып жатқанда, егер ол көмек сұрамаса, араласпаңыз. Осы арқылы сіз оған: «Сенде бәрі жақсы! Сен істей аласың!» деген хабар жібересіз.

10. Артық қиындықтар мен қақтығыстардан аулақ болу үшін, өз талаптарыңызды баланың мүмкіндіктерімен сәйкестендіріңіз.

11. Балаңыздың жеке істері үшін жауапкершілікті біртіндеп, бірақ тұрақты түрде өзіне жүктеңіз, оның сол істерге жауапты екенін сезінуіне мүмкіндік беріңіз.

12. Өз сезімдеріңізді балаға бірінші жақта айтыңыз, өзіңіздің тәжірибеңіз туралы, бірақ оның мінез-құлқы туралы емес.